

Б.Қ.Рақымжанов

Шәкәрім Құдайбердіұлының дін жайындағы ой-толғамдары

В статье рассматривается отношение к религии и религиозным проблемам казахского мыслителя Шакарима Кудайбердиева. Автором анализируется мнение мыслителя о мировых религиях и о сути религии в целом в миропонимании. Также через обсуждение философской системы писателем автор обращает внимание на некоторые положения религии в современном мире. Обсуждается мнение об истинной вере в философском творчестве Шакарима.

B.K.Rakhymzhanov

Thoughts of Shakarim Kudaiberdiuly about religion

Opinion and relation to religion and religious problems of kazakh scholar Shakarym Kudaiberdiev is considered in the article which is named «View of Shakarym Kudaiberdiev regarding to religion». Opinion about world religions and about essence of religion in general in scholar's world outlook is analyzed by author. Also the author pays attention to some positions of religion in modern world through discussion of scholar's philosophical system. Opinion about veritable belief is discussed in philosophical creative work's Shakarym.

ӘОЖ 346.22:338.242

Д.К.Құсбеков

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Нарықтық экономикадағы мемлекеттің әлеуметтік қызметі және рөлі

Мақалада әлеуметтік қатынастар, әлеуметтік даму, әлеуметтік жүйе және нарықтық экономикалық қатынастарды реформалау жағдайындағы әлеуметтік саясаттың ролі сияқты әлеуметтік, философиялық, саяси категориялар қарастырылды. Автор мемлекеттік әлеуметтік саясат компоненттеріне, сонымен қатар олардың қазіргі заманғы қазақстандық қоғамдағы жүзеге асырылуы мәселесіне ерекше назар аударды. Реформалаудың міндетті объектісі ретінде автор халықтың әлеуметтік деңгейін есептейді, себебі экономикалық өсімнің көрсеткіші ретінде халықтың игілігі жатады. Автордың мәлімдеуінше, қоғамның реформалануы құқық категориясын тереңінен қарастыру керектігін меззейді.

Кілтті сөздер: Қазақстан Республикасы, мемлекет, экономика, нарықтық экономика, реформалау, саясат, әлеумет, әлеуметтік саясат, тауар, халық.

Қазақстан Республикасын реформалаудың мақсаттарының бірі — мемлекеттік саясатты әлеуметтендіру арқылы әлеуметтік мемлекет құру.

Қандайда мемлекет болмасын, ең бірінші қоғамның әлеуметтік жағдайын жақсартуға тырысады. Ал ол өз алдына мемлекеттің әлеуметтік саясатын бағдарлауды талап етеді. Тауар өндіретін қоғам бірінші кезекте нені, қалай және кім үшін өндіру керек деген проблеманы алға қояды.

Мемлекеттік әлеуметтік саясаттың қызметі өндірілген тауарларды қоғам ішінде әр түрлі деңгейдегі топтар арасында бөлу және қайта бөлу дегенді білдіреді. Мемлекеттің әлеуметтік саясатының негізгі өмір сүру шарты қоғамдағы жағдайы нашар топтарды әлеуметтік қамтамасыз ету үшін, халықтық табыстың белгілі бір бөлігін бөле алатын нарықтық экономикалық дамудың жоғарғы деңгейі болып табылады. Сондықтан мемлекеттің әлеуметтік саясаты дегеніміз — азаматтар арасында табыстың белгілі бір бөлігін мүмкіндігінше тең етіп бөлуге жағдай жасау, қоғамның әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз ету және экономикалық қатынастарды реттеп отыру.

Осы орайда философияға, саясаттануға және әлеуметтануға қатысты «әлеуметтік жүйе», «әлеуметтік даму», «әлеуметтік қатынастар» т.б. категориялар қолданылып жүр.

Ғылыми әдебиеттерде «әлеуметтік мемлекет», «әлеуметтік жүйе», «әлеуметтік даму», «әлеуметтік қатынастар» т.б. түсініктер толығымен қарастырылмаған. Осы категориялардың мәнін

ашып көрсету әлеуметтік саясаттың мақсатын, бағыт-бағдарын және қоғамдағы рөлін анықтаудың алғы шарты болып есептеледі.

«Әлеуметтік қатынастар» түсінігі — философиялық категория, бірақ философиялық әдебиеттерде жалпыға бірдей ортақ анықтама таба алмаймыз. Кейбір ғалымдар «әлеуметтік қатынастарды» «қоғамдық қатынастар» деумен шектеледі, яғни әлеуметтік қатынастар қоғамдық қатынастардың ерекше түрлерінің бірі деген пікір бар. Қазіргі таңда «әлеуметтік қатынастар» түсінігі кең мағынада қолданылып жүр. Бірақ бізге керегі әлеуметтік қатынас деген түсініктің өзі. «Әлеуметтік қатынас» деген түсініктің өзінде екі жақты пікір туындауы мүмкін. Бір жағынан алғанда, әлеуметтік қатынастар деп отырғанымыз — саяси және экономикалық қатынастардың арасын байланыстырып отырған категория, екінші жағынан — экономикалық және саяси қатынастардан ерекше дербес өзінің қызметі бар әлеуметтік қатынас. Егерде жалпылама қарастыратын болсақ, әлеуметтік қатынастар саяси және экономикалық базис және қондырғылардың арасындағы байланыс. Әлеуметтік — ол ұлт, топ, отбасы және жеке адамның өзіне ғана тән құбылыс. Қоғамдық өмірдің әлеуметтік саласы — адам оның қоғам өміріндегі орны мен қызметі, сұраныстары.

Әлеуметтік даму дегеніміз — әлеуметтік қатынастардың дамуы. Оған әр түрлі объективтік факторлар әсер етеді. Бір жағынан, қоғам мүшелері, екінші жағынан — қоғамдағы саяси жүйенің субъективтік іс-әрекеті. Осы саяси жүйенің іс-әрекетін әлеуметтік саясат дейміз. Сондықтан, әлеуметтік саясат дегеніміз — субъективтік факторлардың негізінде, мемлекеттің әлеуметтік процестерге мақсатты түрде бағытталған, әлеуметтік процестердің объективтік дамуы.

Әлеуметтік дамуды екі жақты қарастыруға болады. Біріншіден, төменнен, халықтың немесе жеке бір топтың әсері арқылы. Екіншіден, жоғарыдан, яғни әлеуметтік дамуға саясаттың тікелей әсері. Бірінші факторды алып қарастыратын болсақ, стихиялы немесе саналы, пассивті немесе белсенді болады. Екінші фактор мемлекет тарапынан саналы түрде қандай да бір мақсатқа бағытталған, саяси субъектілердің (партиялар, кәсіподақтар, қоғамдық ұйымдар т.б.) іс-әрекеті.

Мемлекеттің әлеуметтік саясаты — ол мемлекет өз тарапынан нарықтық экономика жүйесіндегі қатысушылар арасында қайшылықтарды болдырмау, экономика негізіндегі әлеуметтік шиеленістерді реттеуді қамтамасыз ету, барлық саладағы халықтың әлеуметтік жағдайларына жан-жақты қолдау беріп отыру және т.б. Бір жағынан алғанда, нарық өзінің әлеуметтік рөлін іске асыра алмаған жағдайда, мемлекеттің әлеуметтік саясаты іске қосылады. Яғни нарықтық қатынастардың бар кемшіліктерін жойып, толықтырып отырады. Бұл өзінің мазмұны жағынан шектеулі, ал ауқымы жағынан кең мемлекеттің әлеуметтік саясаты болып есептеледі (нарықтық қатынастар процесі тұрғысынан алып қарастырғанда). Ал мемлекет тарапынан алсақ, мазмұны және көлемі жағынан кең, яғни барлық салаларды қамтитын, мемлекеттің әлеуметтік саясаты. Тұрғындарды әлеуметтік жағынан толық қамтамасыз ететін, қоғамның барлық деңгейдегі институттарды толығымен қамтитын мемлекеттің саясаты. Қоғам өмірінің болмысында бұл әлеуметтік саясаттың қызметі ерекше.

Мемлекеттік әлеуметтік саясаттың осы екі компоненті, мемлекет қоғамның әлеуметтік саласына араласу деңгейі бойынша ерекшеленеді. Іс жүзінде саясаттың бұл компоненттері әр түрлі. Батыстың дамыған елдерінде нарықтық экономика либералдық және демократиялық жүйелердің әсері арқылы дамыды. Экономикасы дамып келе жатқан басқа мемлекеттерде нарықтық экономиканың дамуына мемлекетті басқарып отырған билік жүйесінің әсері ықпал етеді. Сондықтан мемлекеттің әлеуметтік саясаты барлығына бірдей және біржақты әсер тигізеді деген көзқарас қате. Оған себеп мемлекеттің жүргізіліп отырған саясаты, геосаясат және нарықтық экономикалық қатынастардың даму деңгейі т.б. Өзінің табиғаты жағынан ерекшеленетін процестер септігін тигізеді. Бірақ әлеуметтік саясаты және нарықтық экономиканың әлеуметтік саласын бағдарлап отырған мемлекеттер үшін субстанционалдық жағынан біріктіретін бірнеше категориялар бар:

а) экономиканың дамуына тікелей әсер етпейтін, бірақ өзінің жанама әсерін тигізетін тұрғындарды әлеуметтік қамтамасыз ету функциясы, яғни мемлекет тарапынан тегін берілетін жеңілдіктер (денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, демалыс саласы т.б.);

ә) халықтың демографиялық жағдайы. Мемлекетке кіретін табысты бөлу және қайта бөлу кезінде есепке алынатын процесс;

б) қоғам екі жақты көзқараста тұрады: өзінің жеке табысының өсуі немесе қоғамның барлық мүшелерінің әлеуметтік жеңілдіктерінің бар болу жағдайы (нарықтық экономикалық қатынастарда бұл заңды процесс);

в) нарықтық экономиканы дамыту процесінде өзекті проблема — ол мемлекеттік саясаттың экономика заңдылықтарына араласу деңгейі. Бұл мәселе — қарама-қайшылықтарды туғызатын, мемлекет пен қоғам арасында өзіндік болмысы бар проблема. Бір жақты шешімі жоқ. Осы проблема

төңірегінде туындаған сұрақтар ерекше жауаптар мен шешімдерді талап ететін мәселе. Себебі мемлекеттің қызығушылығы, қоғамның қызығушылығы және жеке адамның қызығушылығы алға қойылады. Мемлекет өзінің даму заңдылығына, қоғам өзінің заңдылығына және жеке адам өзінің заңдылығына сүйеніп дамиды. Олардың диалектикалық байланысы — қызығушылық. Қарама-қарсылықтың бірлігі мен күресі заңы.

Әлеуметтік саясаттың басты компоненті — оның субъектілері. Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған жылдардан бастап халықтың сана-сезімінде қоршаған ортаға, жалпы әлемге деген көзқарасы түп-тамырымен өзгерді. Халық саясаттың пассивті объектісінен саясаттың белсенді субъектісіне айналды. Ал оған түрткі болған еліміздегі белсенді саяси-экономикалық реформалар. Қоғамды демократияландыру халықтың белсенділігін туғызады. Сайлау арқылы ел өз болашағын қай бағытта дамыту керектігін таңдай алады. Сондықтан мемлекеттің жүргізіп отырған саясаты заңды түрде әлеуметтік саясатқа айналады. Мемлекеттік билікке белсенді араласып отырған халық саясаттың субъектісіне айналмайды.

Әлеуметтік саясат — мемлекеттік саясаттың компоненттерінің бірі. Осыған байланысты, мемлекеттің жүргізіп отырған әлеуметтік бағыт-бағдарын басқа бағыттардан жеке бөліп қарастыра алмаймыз. Ең бірінші экономикалық саладан. Экономиканың даму деңгейіне байланысты денсаулық сақтау, әлеуметтік қамтамасыз ету, демалыс, білім беру т.б. шаралардың, әлеуметтік объектілердің, көрсеткіштері қандай деңгейде екендігін аңғаруға болады. Экономикалық қатынастардың және экономикалық прогрестің факторы ретінде әлеуметтік жүйені қарқынды дамыту болып есептеледі. Халықтың әл-ауқатын жақсартпай, нарықтық экономиканы реформалауға болмайды. Халықтың әлеуметтік жағдайы ұлттық экономиканың даму деңгейін белгілейді және көрсеткіші болып табылады. Ұзақ уақыт бойы әлеуметтік даму экономикадағы өзгерістерге байланысты деген көзқарас қалыптасып келді. Яғни экономикадағы өзгерістердің салдарынан әлеуметтік прогресс туындайды.

Саяси-экономикалық реформалар елімізге көптеген өзгерістер алып келгендігі белгілі. Солардың бірі — экономиканың әлеуметтік бағыты. Жасалып жатқан игі шаралар бірден халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарттады деген көзқарас дұрыс емес. Әлеуметтік дамуды қалпына келтіру үшін, халықтың сұранысы мен қызығушылығын анықтап алған жөн. Мемлекеттік әлеуметтік саясат жеке тұлғаның әлеуметтік сұранысынан қалыптасады. Әлеуметтік сұраныс дегеніміз — халықтың материалдық игілігі, мәдени деңгейі, оларды қанағаттандыру, жеке тұлғаның қалыптасуының көрсеткіші болып есептеледі. Ал сұраныстың өзі қызығушылықтан пайда болады. Бірақ көптеген ұйымдардың, топтардың қызығушылығы қоғамдық қызығушылықпен сәйкес келмейді. Сондықтан мемлекеттік әлеуметтік саясат осы қызығушылықтардың субъективтік және объективтік жақтарын сараптап, олардың арасында қарама-қайшылықтарды тудырмауы тиіс.

Мемлекеттік әлеуметтік саясат туралы айтқанда, құқықтың қоғамдағы рөлін ұмытпаған дұрыс. Құқық қоғамдағы қатынастарды реттеуші және басқарушы механизм ретінде қарастырылып келді. Қазіргі заман басқа көзқарасты талап етеді. Сондықтан құқыққа деген жаңа қатынас, жаңа ой түсінік қалыптастыру керек. Құқық қоғамдық қатынастарды реттеудің басты құралы болып келсе, енді оны мемлекет, саясат және т.б. басқару органдары арқылы әділеттілікті іске асыру құралы деп білу керек.

Кенес Одағының әдебиеттерінде құқыққа әсер ететін және іс жүзінде іске асыратын, бағыттап отыратын саясат деген ұғым қалыптасқан. Себебі саясаттың құқыққа қарағанда, іс әрекет ауқымы кең. Сондықтан саясаттың құқықты бағыттап отыратын мүмкіндігі бар. Яғни құқық — саясаттың ресми көзқарасының формасы.

Мұндай көзқараспен келіспеуге болады. Құқықтың саяси, саясаттың құқықтық мәні бар. Бұл процесс екі жақты. Құқық саясаттың ресми көзқарасын білдіру арқылы сол саясаттың негізі болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, саясат құқықты бағыттап отырған жоқ, керісінше, құқық саясатты бағыттап отыр деп айтуға болады. Бірақ мемлекет құқықты құрал ретінде пайдаланып, қоғамды басқарып отыр деген пікір ақиқатқа біршама сәйкес келмейді. Онда мемлекет күштеп өзінің еркін, көзқарасын байлап отыр. Ал ол өз алдына, қоғамдағы қалыптасқан тәртіпті бұзуға алып келеді, яғни барлық әлеуметтік салалардың арасындағы заңдылық бұзылады. Осыдан келіп туындайтыны — экономиканың құлдырауы. Сондықтан мемлекеттік әлеуметтік саясат құқықтың еркін білдіруші құрал деген қағиданы ұстану керек.

Мемлекеттік әлеуметтік саясаттың бірнеше компоненттерін бөліп қарастыруға болады: ұлттық саясаттың негізі, халықтың әл-ауқатының негізі, әлеуметтік саладағы азаматтардың құқықтары, қоғамдағы әлеуметтік саланы жетілдіру негізі т.б.

Мемлекеттік әлеуметтік саясаттың негізгі мақсаты — халықтың материалдық сұраныстарын қанағаттандыру арқылы әлеуметтік жағдайын және жалпы әл-ауқатын арттыру.

Қазіргі таңда біз әліде болса да, басқа мемлекеттердің қатарынан әлеуметтік бағдарлау жағынан артта қалып келеміз. Оған тұтыну тауарларының жетіспеушілігі емес, ішкі нарықты толығымен өзіміздің тауарлармен қамтамасыз етілмегендігі. Басқа мемлекеттердің өнімдерін пайдалану арқылы сол мемлекеттің экономикасын дамытуға септігін тигізіп отырмыз, ал олар өз алдына әлеуметтік жағдайларын жақсартып отыр. Айналып келгенде, біз оларды материалдық жағынан толығымен қамтамасыз етіп отырмыз және де экономикамыздың жағдайы тікелей сол мемлекеттерге байланысты болып отыр, олай болса, әлеуметтік әл-ауқатымыз да сол мемлекеттерге байланысты деп айтуға болады. Сондықтан, экономикамыздың әлеуметтік саласын бағдарлау қиынға түсіп отыр. Халықтың әл-ауқаты өндірілген өнімге байланысты, бірақ халықтық сұранысты қанағаттандыру деңгейі, мемлекет ұлттық табыстың қандай бөлігін сол сұраныстарды қанағаттандыруға жұмсайды, міне, соған тікелей байланысты. Ал ол үшін өзімізде өндірілген өнімді шет мемлекеттерге сату арқылы ұлттық табыстың негізі қайнар көзін қалау керек. Сонда ғана халықтың әлеуметтік пайызы арта түседі және экономиканың әлеуметтік салаларын бағдарлау тікелей өзімізге ғана байланысты болмақ. Халықтың материалдық және рухани дербестігі пайда болады.

Қазіргі жағдай дүниежүзілік қаржы дағдарысына алып келгені анық. Осындай жағдай қоғамның әлеуметтік саласына қалай әсер етеді? Халықтың тұрмыстық деңгейі қаншалықты төмендейді? Және мемлекеттегі реформалық өзгерістер қоғам дамуының қандай жолына алып келеді деген субстационалдық негізі бар сұрақтар өз жауабын талап етеді. Мемлекеттегі жүргізіліп жатқан әлеуметтік реформалар халықтың тұрмыстық жағдайына объективті түрде әсер ететіні сөзсіз. Бірақ ол қаншалықты (әлеуметтік жағынан алып қарастырғанда) әділетті түрде қоғам мүшелеріне әсерін тигізеді. Басты архи негізі бар сұрақ осында.

Халықтың осындай ахуал жағдайында көптеген кемшіліктер болуы мүмкін. Сол себепті экономиканы қайта реформалау кезінде халық табысының төмендеуінің объективтік факторын, тұрғындардың әлеуметтік жағдайын жеткілікті қалпында қалдыруға қандай мүмкіндіктер бар? Осы және тағы басқа сұрақтарға жауап беру үшін, бірінші орында мемлекеттің нарықтық экономика жағдайында әлеуметтік рөлі қандай? Осы мәселені анықтап алған жөн.

Қазақстан Республикасының Президентінің халыққа арнаған жолдауының «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру — мемлекеттік саясаттың басты мәселесі» деп аталуы мемлекеттік саясат халықтың әлеуметтік мәселелеріне баса назар аударғандығының кепілі. Н.Ә.Назарбаев халыққа арнаған жолдауында корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік мәселесін атап өтті. Ол мемлекеттің ғана емес, барлық бизнес қаумдастығының құзырында екендігі және жеке кәсіпкерлердің қоғамдағы әлеуметтік проблемаларды шешуге ат салысып отырғандығы әлеуметтік мемлекет құру жолында көрсеткіш болып табылады.

Мемлекеттің әлеуметтік рөлі туралы мәселені қарастырғанда адамзаттың әлеуметтік-саяси құндылықтарына да назар аударған жөн. Осы мәселе төңірегінде ғалым В.Баймұрзаева: «Жалпықазақстандық әлеуметтік саяси құндылықтар ұлттық мүдделерге қатысты алғанда, трансценденттік құбылыс емес екендігін атап өткен жөн. Жалпықазақстандық әлеуметтік-саяси құндылықтардың тамыры маңызды ұлттық қажеттіліктер мен мүдделерде жатыр, солардан бастау алады. Ұлттық құндылықтардан олардың негізгі айырмашылығы сонда, олар жекеленген қандайда ұлттық емес, қазақ жерінде өмір сүріп жатқан барлық халықтардың мүддесін білдіреді», — деген пікір айтады [1]. Расында, мемлекеттің әлеуметтік саясатын бағдарлау жолында, жалпы халықтың мүддесін, әлеуметтік-саяси құндылықтарын анықтап алған жөн.

Нарықтық экономикадағы мемлекеттің әлеуметтік рөлі — осы құндылықтарды сараптау. Халықтың әл-ауқатын арттыру процесінде материалдық құндылықтар ғана емес, рухани құндылықтар да баса орын алады. Адамның өмірі, бостандығы, құқықтары т.б. құндылықтар сырт қалмауы тиіс. Мемлекеттің халық алдындағы әлеуметтік жауапкершілігі осы. Нарықтық экономиканың әлеуметтік реформалау жүйесінде әлеуметтік құндылықтары толығымен сақталып, қамтамасыз етілуі тиіс.

Қазіргі әлемдік қаржы дағдарысы көптеген мәселелердің шешімін талап етеді. Мемлекеттің экономикасын көтеру процесінде біржақты проблемаларды шешуге талпыныс жасаймыз. Оған себеп болатын, көптеген мемлекеттердің экономикалық жағынан салыстырмалы түрде бір-біріне тәуелділігі. Ол саясатқа және қоғамның басқа салаларына өз әсерін тигізбей кетпейді. Мемлекеттің экономикасын қайта жандандыру барысында дамыған елдердің тәжірибесіне жүгінген дұрыс болар, бірақ экономиканы жандандыру, рухты жандандырған сияқты, өзінің ерекше қатынасын талап етеді. Әр елдің өзіндік тәуелсіз тарихы, салт-дәстүрі, психологиясы, ділі, діні т.б. құндылықтары бар. Осының барлығын ескерген жөн. Бірақ алдыңғы қатарлы мемлекеттердің де жетістіктерін

пайдаланған артық емес. Мысалға, АҚШ-да, ЕуроОдақ мемлекеттерінде және Азияның дамыған көптеген елдерінде экономикалық даму корпорациялары құрылған. Олардың тікелей функционалдық қызметтері — орта және кіші бизнестерге көмек көрсету. Дотация, салық жеңілдіктерін беру, жалпы айтқанда, мемлекет өз жағынан жеке бизнесті дамыту үшін, белгіленген заңдарға сәйкес жан-жақты көмек көрсетеді. Ал орта және кіші бизнестегі кәсіпкерлер өз тарапынан мемлекеттегі көптеген әлеуметтік проблемаларды шешуге өздерінің септігін тигізеді. Бұл айтарлықтай көптеген әлеуметтік мәселелерді шешер еді. Бір жағынан алғанда, жұмыссыздар жұмыспен қамтамасыз етіледі, екінші жағынан — сол жергілікті жердің әлеуметтік саласы бой көтере түсері сөзсіз.

Дамыған елдердің тәжірибесі көрсеткендей, шет елдердің тікелей инвестициялары халықтың тұрмыстық әл-ауқатын жақсартуға ықпалын тигізеді. Бірақ жеңіл өнеркәсіптерді дамытуға шет елдік инвесторлар қаржыландыруға аса көп көңіл бөлмейді. Оған тікелей себеп болатын өз мемлекеттерінде шығарылатын өнімдерге біздің мемлекетте шығарылатын өнім бәсеке болмақ. Бұл бір шама алаңдатарлық жағдай. Сонымен қоса олар қоршаған ортаға тигізетін зардаптарына да немқұрайды қарайтындығы жасырын емес. Ал ол өз алдына сол жерде тұратын тұрғындардың денсаулықтарына әсерін тигізеді және әлеуметтік жағдайларын нашарлатады.

Нарықтық экономиканың заңдылықтарына сәйкес шет елдерден келген инвесторлар азық-түлік, сауықтандыратын, жанармай жағатын, дәрі-дәрмек сататын т.б. объектілерді салады, одан пайда түсірудің көзін табады. Бірақ мемлекет, жеке кәсіпкерлер мен инвесторлардың арасындағы келісім-шартқа қарамастан, шет елдің инвесторлары жергілікті жерде шығарылатын өнімдерден бас тартып, өз елдерінде шығарылатын өнімдерді тікелей алып келу арқылы, өз мелекетіне және өзіне пайда түсіреді және де шығарылатын тауарларды сату рыногымен өздерінің жеке кәсіпкерлерін қамтамасыз етеді.

Әр мемлекеттердің заңдары әр түрлі, бірақ нарықтық экономиканың заңдылығына сәйкес, сауданың қайнар көзі — пайда түсіру. Ол қандай да мемлекетке болмасын тиімді. Сондықтан пайда түсіру үшін өздерінің жеке кәсіпкерлеріне жан-жақты көмек көрсетуге дайын. Сондай көмектердің бірі — экспортқа шығарылатын тауарларға баж салығын төмендету. Екі жаққа да тиімді жұмыс. Атап кеткендей, мемлекет өз тарапынан белгіленген заңдарға сәйкес жеке кәсіпкерлерге жан-жақты қолдау көрсетуі тиіс. Профессор О.Төлемісов «Мемлекет шет ел тауарларын сырттан әкелу жолына баж салығын салып және сыртқа шығару жолына сыйлық беріп сауда бағасын толтыруды көздеді. Бұндай теория белгілі мерзімде экономиканың қалыпты дамуына септігін тигізеді» [2], — деген пікір айтады.

Жоғарыда айтылып кеткен өзекті мәселеге оралатын болсақ, өздерінің өнімдерін шет мемлекеттерге сату арқылы, өздеріне пайда түсіріп қана қоймай, сол мемлекеттің экономикасына зардабын тигізетіні белгілі. Халық болса, күнделікті тұтынатын тауарлардың тапшылығына байланысты, еріксіз басқа елдерде шығарылатын тауарларды пайдалануға мәжбүр. Осындай жаһан дүниені қаржы дағдарысы басып отырған жағдайда, елімізді қаржы дағдарысынан шағарудың жолын қиындатып отырғандығы аян. Бұл біздің мемлекетіміздің экономикасына кері әсерін тигізіп отырған объективтік факторлардың бірі ғана.

Ал енді осы дүние жүзін жайлаған қаржы дағдарысы қайдан шықты (кейбір ақпарат беттерінде экономикалық дағдарыс деп айтып жүргендер бар, ол дұрыс емес, қаржы дағдарысы. Экономиканың құлдырауына өндіріп отырған тауардың жетіспеушілігі емес, ақшаның, соның ішінде доллардың құнсыздануы тікелей себеп болып отыр). Оны қалай шектеуге болады, одан құтылудың жолдары қандай деген ойлар барлық саналы азаматтарды ойландырып жүргені жасырын емес. Дүниежүзілік сауда қауымдастығын алаңдатып отырған мәселе — өндірілген өнім мен оның арасындағы нақты бағаның сәйкес келмеуі. Тағыда себеп болатын, ақшаны басып шығаруды қадағалап отыратын ұйымдардың өз қызметтік міндеттерін толығымен орындай алмай отырғандықтан. Ал енді осы қаржы дағдарысының ең басты объективтік себебі, ол әр жеке саналы азаматтың өзінің ішкі ресурстарын қанағаттандыра алмауында. Пайда мен қанағат арасындағы шекараны қай жерден өтетіндігін білмегендіктен. Сондықтан жаһанды жайлаған қаржы дағдарысын материалдық құндылықтырдың құлдырауынан емес, адамның ішкі рухани болмысының дағдарысқа ұшырап, құлдырауынан деп білу керек. Осыдан келіп барлық адамзатқа жат, жағымсыз проблемалар туындайды.

Оның жанама және тікелей себептерін жоғарыда айтып кеттік. Ал енді одан шығу жолдары қандай болмақ?

Бастапқы орында мемлекеттің экономикадығы қызметі мен орнын қарастырған дұрыс. Ертедегі Шығыс, соның ішіндегі көне қытайдың ұлы ойшылы Конфуций өзінің әлеуметтік-саяси трактаттарында мемлекеттің қоғам өмірінде алатын орны ерекше екендігін атап өткен. Қоғам мүшелері өздерінің отбасында қожайынға қалай бағынса, солай императорға, яғни әкесіне

бағынғандай, бағынуы керек. Ал мемлекет басшысы (император) халқын әділетті басқару керек деген көзқарас айтқан. Әрине, сол замандағы ой түсінігімен қазіргі заманғы ой түсінігін салыстыруға келмес, бірақ бұл көзқараста біршама ақиқаттың қайнар көзі жатқан сияқты.

Көне Греция ойшылдары да мемлекеттің қоғам өмірінде және экономика қызметінде алатын орнына баса назар аударған. Платон «Мемлекет», «Заңдар» деген шығармаларында идеалды мемлекет «шындық», «әділеттілік», «игілік» және таға басқа құнды категорияларға негізделуі тиіс деген ой білдіреді. Біздің дәуірімізге дейінгі шамамен 5 мың жыл бұрын өмір сүрген грек ойшылы Луций Анней Сенака адамның ар-ұяты, намысы туралы ой толғаған. Ол әр адамның ішкі моральдік негізі, неміс классикалық философияның негізін қалаушы И.Канттың тілімен айтқанда, категориалды императиві. Одан құтылудың жолы жоқ.

Георг Вильгельм Гегельдің де абсолюттік рух туралы, ол әр жеке азаматтың өмірінде керекті қару ретінде қолданылуы керектігін айтады. Гегельдің абсолютті рухы халықтың жігерімен, рухымен пара-пар. Халықтың рухтық қасиеті сол мемлекеттің рухани дүниесіне ғана емес, экономикасына, саясатына және құндылықтарына әсерін тигізетіні белгілі. Тарихта оған келтірер мысал көп. Германияның Екінші дүниежүзілік соғысынан кейінгі әлеуметтік, саяси және экономикалық жағдайы, рухани жағдайы, сол халықтың жүздеген жылдар бойы жинақтап қалыптастырған дүниесін жоққа шығарған кезеңдерді бастан кешірді. Осындай ауыртпашылық заманға қарамастан, олар рухани дүниесін сақтап қала берді. Осы әлемдік құндылығы бар дүниенің арқасында экономикасын және мәдениетін аяғынан тік тұрғызғаны тарихта белгілі оқиға. Ал Үнді мемлекетін алсақ, әлеуметтік-экономикалық жағынан дамушы мемлекеттердің қатарында болса да, ұзақ жылдар бойы Ұлыбританияның отаршылдық саясатының құзырында болып келгенімен, өздерінің мыңдаған жылдар бойы қалыптасып келген рухани дүниелерін сақтап қалды және қазіргі заманның ағымына сай дамытып келеді. Осы және тағы басқа тарихта болған оқиғалар халықтың рухы мықты болса, жаһанды жайлаған қаржы дағдарысы ғана емес, басқада ауыр жағдайлар болсын, одан шығудың жолы және кепілі.

Ал халықтың рухын көтеретін, оған күш-қуат беретін мемлекет, оның жүргізіп отырған әлеуметтік саясаты, халық болса өз тарапынан мемлекетке өзінің шын ниетімен қолдау жасау, жан-жақты көмек көрсету. Бұл мемлекет пен қоғам арасындағы терең диалектикалық байланыс. Сондықтан мемлекеттің экономикалық қызметі — қоғамда ерекше сала. Қазақ халқының рухы мықты екендігі тарихта белгілі. Сондықтан әлемді жайлаған қаржы дағдарысынан шығудың жолы — ол рухтың биік болуы және өзара ынтымақтастық. Мемлекет өз халқына қолдау көрсету арқылы және жүргізіп отырған саясаттың әлеуметтік бағдары дұрыс болуы деп есептейміз.

Осы тұрғыдан алғанда мемлекет тарапынан, сонымен қатар Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың тікелей қатысуымен, халықтың тұрмыстық жағдайын жақсарту жөніндегі игі іс-шаралар қолға алынып, барлық мүмкіндіктер жасалып жатқаны барлық елге аян. Осыған байланысты мемлекеттің әлеуметтік саясаты, оның әлеуметтік процестерге араласуының қандай деңгейде екендігін анықтауға болады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Баймұрзаева В.* Қоғамдағы әлеуметтік-саяси құндылықтардың мәні // Ақиқат. — № 3. — 2008. — 27-б.
- 2 *Төлемісов О.* Экономиканы мемлекеттік реттеуді жетілдіру және дүниежүзілік дағдарыстан шығу мәселелері: Халықарал. ғыл.-тәжір. конф. Әлемдік қаржы дағдарыс салаларынан арылу және Қазақстан экономикасының даму келешегі. — Астана, 2009. — 71-б.

Д.К.Кусбеков

Роль и социальная деятельность государства в условиях рыночной экономики

В статье рассматриваются такие социально-философские, политические категории, как социальные отношения, социальное развитие, социальная система, а также роль социальной политики в условиях реформирования рыночно-экономических отношений. Автор особое внимание уделяет компонентам государственной социальной политики, а также их реализации в современном казахстанском обществе. Обязательным объектом реформирования автор считает социальный уровень, так как показателем экономического роста является благосостояние населения.

D.K.Kusbekov

The social activity and role of the state in market economy

In the article «Social role and functions of state in trade economy» considered such philosophical categories as social relations, social development, social system, and also role of social politics in condition of reformation of trade-economical relations. The author pays special attentions for components of governmental-social politics, also their realization in modern society of Kazakhstan. The author thinks that compulsory object of reformation is social level of population, because index of economical development is prosperity of population. The author underlines that reformation of society demands a deep reconsideration of law category.

УДК 004:316.728(574)

A.A.Injigolyan

Y.A.Buketov Karaganda State University

On the socializing impact of the Internet (at the example of russian and kazakstan students)

The article is dedicated to research deflected as the Internet on change a way of life of youth influences. As a result, there were determined 6 types of users Internet: the sociable, beginners, qualified users, net users, searching for amusement, utilitarianisms.

Keywords: types of users Interne, the sociable, beginners, qualified users, net users, searching for amusement, utilitarianisms.

In 2006–08, in the metropolitan cities of Kazakhstan—Astana, Almaty; in the North-eastern region, in Karaganda, as well as in smaller cities of Kazakhstan a research «Impact of the Internet on the way of life of youth in Kazakhstan and abroad» was carried out.

In the research were included the empirical data collected a year earlier in St.Petersburg and in Kazan, and given by the Faculty of Sociology of St.Petersburg State University and by the Center of Sociology and Culture of Kazan State University. The Total volume of selection is 595 students.

Among the hypotheses of the research, there was a suggestion that the Internet has a socializing effect of any institute (or agent) depends on the time spent in it besides, we may speak of the Internet (or asocial institute, agent) influences the behavior and the structure of personality.

First of all, some words about studying and living conditions of students we may characterize material position of students in Kazakhstan as humble — the majority has enough, money to meet only primary demands (see chart 1).